

ҰЛЫЛЫҚКА ЖҮГІНУ

Абай аға, ақылдым, кемеңгерім,
Ел-жұртыңды бір келіп көрер ме едің.
Жонға шығып барады «жорғалылар»
Жолда қалып барады төменгі елің.

Абай аға, арысым, данышпаным,
Халымызбен бақсы еді танысқаның.
Мәңгірттікті біз жүрміз жеңе алмай,
Қандай бақыт мыңменен алысқаның.

Абай аға, ғұлама көрегенім,
Білмеймін қашан көктеп, көгеремін.
Аяқтықтың жан-жақтан өрті шалды,
Қайтып ғана келмеске шегеремін.

Шындық іздеп қазағың сабылады.
Құлқын қуған қулар кеп жабылады.
Әділетті айтарлық бір адам жоқ.
«Өңкей қиқым» бізден де табылады.

Абай аға, самғапсың қыранша анық.
Әнің—арман ұрпаққа мұраң—шабыт.
Санамызда самарқау салқын леп бар,
Сабылуға дайынбыз ұран салып.

Сен симаған осынау маң далада,
Деп жүрміз ғой көпіріп таң да жаңа.
Өзің көрген қазақтың «бит денесі»
Жем болуға айналды «қандалаға».

Баяғыдай қазағың ала-құла,
Қарамайды боқ басқан табанына.
Бақ таластық, күншілдік қаулап кетті,
Тор кұруға икембіз саналыға.

Уақыттың ызғары қатал шықты,
Сойқан сұмдық, содыр ой қатар шықты.
«Ұстарасыз ауызға түскен мұрттың»,
Орынына ұсқынсыз сақал шықты.

Жақсылардың дидары сынық әлі,
Жар астына жамандық бұғынады.
Арнауыңмен әулием жебеші бір,
Сен ұқпасаң қазақты кім ұғады.

Тарқаған жоқ көңілдің мұңы әлі,
Еріген жоқ ниеттің сүрі қары.
Шырқын бұзып аздаған бекенің,
Шапқылап жүр аш бөрі, ұры-қары.

Айлакерлік молайды бәрі атақсыз,
Ағайынға алақоз, дара жатпыз.
Тек пейілден айырылдық құдай атыш,
Бір тіршілік орнады қанағатсыз.

Қүлкі еттік кімдердің сүрінгенін,
Ескермедік бірліктің бүлінгенін.
«Момын» елің монтансып байқамай жүр,
Тасқа тиіп табаны тілінгенін.

Шыңғыстаудан басталып жыраққа арман,
Сұңғыла едің мұнменен жыю ақтарған.
Семейдейсің Семейін тірлігің етіп,
Безгек болған пендедей сынақтардан.

Бозан тартты сәулесі күйген айдың,
Табан асты шығатын «күйге» баймын.
Әлсізеген гүлдері атом соғып
«Наск-бүләк», «Наравыл», «Жүлдей-байың».

Мұн шаққандай «Шыңғыстың» әр тасы да,
Ер батқандай еліңнің арқасына.
Арқанбой-ақ отырымыз ауыз ашып,
Шікірейген шелдінің қалтасына.

Ел болсақ та маңдайдан сор таймайтын,
Ерлеріміз жетеулік жол таңдайтын.
Шүкіршілік аста-төк халықпыз ғой,
Дастарханы жайылған ортаймайтын.

Қататындай әлемнің ойға бәрі
Ұлылыққа арналған той болады.
Бар адамзат оқиды жылаарынды,
Шарапаты бойға нәр, ойға дәрі.

Жараспайды елдікке жаулық, мазақ,
Кезінде бірді-бірге алдық қажап.
Енді бүгін атымен кемеңгердің,
Алшаң-алшаң баспақшы барлық қазақ.

Даналыққа ұлылық жарасады,
Ұлы дүние бүршігін сан ашады.
Темірқазақ—тектілер болмаса егер,
Тентек дүние бағыттан адасады.

Адасады мәңгілік жол таба алмай,
Жол таба алмай еретін қол таба алмай.
Қалың елің—қазағың жылтып кетті,
Қаңарына сұмдықтың тоңсада Абай.

Тоңған емей немене тірлік бөтен,
Қазекенде болған ба бірлік бекем?
Жарқыраған жұлдыздай ұлылардың,
Қасиетін, қадірін кім құртты екен!

Кім құртты екен, жауап бер мезгіл маған,
(Сенде көзсіз соқырсың сөз бұлдаған)
Қоламтам аз үрлеумен қоздырмаған,
Алтыным аз таптаумен тоздырмаған.

Сондықтан да қалыңдау болар қайғым,
Қалың сорға қалайша оралмаймын.
Тамшысында қайғы бар көз жасымның,
Қамшысында қан жатыр Оразбайдың.

Адамдардан сан алуан шығар айла,
Айла қуған «естілер» тұралай ма?
Дүниенің өзі де тарлық еткен,
Дүниені кеңейткен ұлы Абайға.

Бас июге дайынмын ұлылыққа,
Ұлы ойлар бөлейді жылылыққа.

«Жаздым үлгі жастарға бермек үшін»,—
Демеппе еді данышпан—мұны ұмытпа.

Жүрек неге күрсініп жыламайды,
Жылағаннан еш нәрсе құрамайды.
«Өлді деуге болама» расында,
Өмір қайта тудырса ұлы Абайды.

Тебіні бар «тентектің» бірі едім,
Араласып тұрады үніме мұң.
Зар жылап кеп Абайға шағынамын,
Сонан соң ұлылыққа жүгінемін.

Жүгінбейтін нем қалды амалсызбын,
Ызғары өтіп барады заман-сыздың.
Бірін-бірі аңдыған адамдардың,
Не болады ертеңі хабарсызбын.

Күйттегендер молайды қара басты,
Өктемдік пен өтірік араласты.
Қоғам дейтін қасиетті үлкен үйдің,
Кім көрінген «жиһазын» ала қашты.
Алдамшылар көбейді қуған мүлік,
Астамшылық келеді думан құрып.
Тіршіліктің бұзылып тұнық көлі,
Санамызды барады ұландырып.

Сүйресем деп дінімді тілімді өрге,
Алқынғанға ұқсаймын жүгіргенге.
Төрт аяқтан тік басып тұра алмай,
Күлетінді шығардық сүрінгенге.

Аздау болды тағдырдың берген бағы,
Тебінімді босқа аққан тер жалмады.
Қайран елге қаймықпай қорған бола,
Жалын—жүрек, тав—тұлға ер қалмады.

Абай аға, осындай күйге енгенбіз,
Таухметтің жолында иленгенбіз.
«Бөрі етекпен тартатын» пасықтықты,
Өзімізден өзіміз үйренгенбіз.

Көпірме сөз, көбік ой, ала шапқын,
Пендесін айналдық «дана» сәттің.
Бар қазақтың арқалап арман жүгін,
Өзің отыр төрінде болашақтың!